



1931 жылдың 4 қазанынан
бастап шығады

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

www.ortalyk-kaz.kz

◆ Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті ◆ СЕНБІ, 24 ҚАҢТАР, 2015 ЖЫЛ №8-9

Бейнемәслихат



ОРАЛ Өңірінде –
Орайлы істер

Аяулым СОВЕТ,
«Орталық Қазақстан»

**Қазақстан халқы
Ассамблеясы жылы ая-
сында Батыс Қазақстан
облысында бірлік пен
қоғамдық келісімді нығайту
бойынша бірқатар іс-
шаралардың жоспары
қабылданды. Бұл туралы
Астанадағы Орталық ком-
муникациялар қызметінің
ұйымдастыруымен
БҚО-ның әкімдігінде өткен
брифингте кеңінен айтыл-
ды.**

Брифингке БҚО әкімінің орын-
басары Б.Мәкен, ҚХА ғылыми-
зерттеу тобының басшысы А.Иман-
ғалиев, «Орыс мәдениеті» қоғам-
дық бірлестігінің өкілі – С.Погадин,
«Татар мәдениеті» қоғамдық бір-
лестігінен А.Лежнина, «Вайнах»
шешен-ингуш мәдени бірлестігінен
Д.Саратов қатысты.

Іс-шаралардың негізгі бөлігі
«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының
–тәуелсіздік, тарих ортақтастығы,
мәдениет пен тіл ұстанымдары
негізінде ұйымдастырылмақ. ҚХА
жылына арнап 37 іс-шара, Ұлы
Жеңістің 70 жылдығына 21 іс-шара,
Қазақ хандығы құрылуының 550
жылдығына – 19 шара және ҚР
Конституциясының 20 жылдығына
арналған 14 шараның жоспары
жасалған.

Оған қоса, Астана қаласында
ҚХА жылының ресми түрдегі ашы-
луымен қатар, Орал қаласында
2015 жылғы 6 ақпан күні жастардың
флэш-моб акциясымен бірге «ҚХА
жылының бастауы» салтанатты
синхрон-акциясы өткізіледі. ҚХА
жылының басталуы барысында

Академик Е.БӨКЕТОВТІҢ туғанына – 90 жыл

**Өткен ғасырдың 1925
жылы Солтүстік Қазақстан
өлкесінің Алыпқашқан
деген жерінде туған
ғалым-энциклопедист,
әдебиетші, жазушы әрі
аудармашы Ебінғабиден
әкесі Арыстанның 10-шы
перзенті екен. Еркелетіп
Ебіней атаған атақты
ғалым әлемге Евней БӨКЕТОВ
болып танылды. Өзіне
дейін дүниеге келген 9 бала
шетіней беріп, Ебінейден соң
4 ер бала соңынан еріпті.**

1932 жылы ашаршылықтан аман
қалу мақсатымен ата-анасы көршілес
Ресейдің Қорған қаласына қоныс
аударып, Ебіней орыс мектебінде
оқиды. Соғыс жылдары әкесі Арыс-
тан дүние салған соң 9 сынып оқып
жүріп, оқуды тастап, анасына, іні-
бауырларына көмектесу мақсатымен
мұғалімдік қызметті бастайды. Өйт-
кені, сол сұрапыл соғыс кезеңінде
мұғалімдердің де Отан қорғауға
жұмылдырылғаны белгілі. Химия
және басқа пәндерден ұстаз болған
Ебінейдің ол кезде диплом тұрмақ
аттестаты да болмаған. Дегенмен,
зерек те алғыр болашақ ғалымның
оқушыларға талап деңгейінде дәріс
бергені анық.

Соғыстан соң анасы Ебінейге:
«шырағым, әкең сені қайтсең де оқыт
деп өсиет айтып еді, білім алуың ке-
рек» – депті. «Іздегенге – сұраған»
демекші, содан Ебіней Арыстанұлы
Алматы кен-металлургия институ-
тына (қазіргі Қ.Сәтбаев атындағы
Ұлттық техникалық университет) тү-
сіп, оны қызыл дипломмен бітіреді.
Тұстастарының айтуынша, жас инже-
нер жан-жақты, өте зерек, еске сақтау
қабілетімен ерекшеленіпті. Сандар
мен формулаларды жатқа айтатын
болыпты. Химия, математика ғы-
лымдарынан басқа әдебиетпен де
айналысып, қазақ жазушыларының
шығармаларына сыни пікірлер жа-
зып, жариялай бастаған. Інісі Хам-
забектің айтуынша, ағасы Ебіней
оқушы-студент кездерінің өзінде
қазақ әдебиетінің классигі Сәбит
Мұқановтың «Ботакөз» романын
орыс тіліне аударған екен. Газет-
журнал беттерінде очерк-мақалалар
жариялап отырған. Кезінде Мәскеу-
дегі «Литературная газета» басы-
лымының редакциясы арнайы ша-
қырту жіберіп, қызметке орналасу
туралы ұсыныс жасапты. Бірақ, ғы-
лымды бәрінен жоғары қойған Ебіней
Арыстанұлы ол ұсынысқа келісімін

Ілімі іргелі ғалым



бермеген. Тау-кен институтын бітір-
ген соң 4 жылдан кейін ғылым кан-
дидаты болған жас ғалым, одан кейін
екі жылдан соң доцент ғылыми дәре-
жесін алады.

Өткен ғасырдың 1960 жылы
ҚазКСР Ғылым академиясының тұң-
ғыш президенті Қаныш Сәтбаев Ебі-
ней Бөкетовке Қарағанды химия-
металлургия институтын басқаруды
ұсынады. Осы ғылыми орталықты
12 жыл басқарған Ебіней Бөкетов
ғылым докторы дәрежесіне жетеді,
химиялық зерттеулер сапасын да-
мытып, Қарағанды ғалымдарын одақ
деңгейінде танымал етеді. Оның
басшылығы және жетекшілігімен 60-
тан астам ғылым кандидаты, 24 ғы-
лым докторы тәрбиеленген. Алты
адам академик дәрежесіне жетіп, ал
бесеуі мемлекеттік сыйлықтың иегері
атаныпты.

1972 жылы Ебіней Бөкетов Қа-
рағанды мемлекеттік университетіне
ректор болып тағайындалады. Іскер
ұйымдастырушы жаңа оқу корпуста-

ры мен студенттерге арналған жатақ-
ханалардың бой көтеруіне ықпал ете-
ді. Университетке одақ көлемінен же-
текші ғалымдарды тартып, оқу орнын
мейлінше нығайта түседі.

Қарағанды драма театры «Мак-
бет» қойылымын көрерменге ұсынуға
Ебіней Бөкетовтің аудармасы арқылы
қол жеткізіпті. Қойылымдағы бас ке-
йіпкерді Халық артисі Нұрмұхан Жан-
терин сомдаған.

Атақты ғалымның өміріндегі өкі-
нішті кезеңдер, ректорлық қызметтен
қайта химия-металлургия институ-
тына ғылыми қызметкер болып бар-
ғаны, ғылымнан уақытша қол үзуге
еріксіз мәжбүр болған кездері ел
есінде. Осы келеңсіз жайттар, әрине,
ғалымның денсаулығына кері әсерін
тигізеді. Жеті қазының бірі – итті
ұлы тұлғалар өзіне алданыш, серік
ретінде ұстайтыны белгілі. Киесі бар
сенімді иті 1983 жылдың 13 жел-
тоқсанында жүрек талмасының әсе-
рінен демі үзілген иесіне ешкімді
жолатпай қойған екен. Бұл – тарихи

шындық, кімнің болса да өне бойын
шымырлатпай қоймайтын дерек.

Қазір Қарағанды мемлекеттік
университеті ғұлама ғалым Ебіней
Бөкетовтің есімімен аталады. Оқу ор-
нының алдындағы биік тұғырда мүсіні
«мен мұңдалап» тұр. Петропавл және
Қарағанды қалаларында ғалымның
есімі берілген көшелер бар.

Айтпақшы, Ебіней Арыстанұлы
1980 жылы өзінің шәкірті, химия ғы-
лымдарының докторы Болат Ерма-
ғанбетовпен бірге көмірден келік
жанармайын өндіруді нәтижелі тия-
нақтапты. Өндіріске енгізіліп, үлгер-
меген ғылыми жаңалықтың өзекті ал-
ғышарттары өзімен қоса кетпегенде,
ел экономикасына, жалпы ғылымға
қосылған ғажайып үлестің бірі болар
еді-ау, шіркін!

Ермек ҚАНАФИН,
№20 негізгі орта мектебінің
директоры.

ҚАРАҒАНДЫ қаласы.